



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**Макросауалнама: сарапшылар экономиканың өсіміне қатысты болжамды жақсартты және базалық мөлшерлеме деңгейі сақталады деп күтеді**

Астана қ.

2025 жыл, 3 шілде

Қазақстан Ұлттық Банкі сарапшылар қауымдастығы арасында жүргізілген кезекті макроэкономикалық сауалнаманың нәтижесін [жариялады](#).

Brent маркалы мұнай бағасы, Қазақстан экономикасының өсімі, инфляция, базалық мөлшерлеме, тауарлар мен қызметтердің экспорты және импорты, сондай-ақ теңге бағамы – сауалнаманың негізгі параметрі болды.

### *Мұнай бағасы және экономиканың өсімі*

**Мұнай бағасы** бойынша сценарий шарттары 2025 жылға аздап төмендегенімен, 2026 және 2027 жылдарға – өсті. Аналитиктер барлық болжамды кезеңде мұнай бағасы баррель үшін **68,5-69** АҚШ доллары деңгейінде болады деп күтеді.

**Қазақстан экономикасының өсіміне** қатысты болжамдар барлық болжамды кезеңде біршама жақсарды. Осылайша, 2025 жылға арналған ЖІӨ өсімі бойынша болжам 5%-дан **5,1%**-ға, 2026 жылға – 4,5%-дан **4,6%**-ға, ал 2027 жылға – 4,3%-дан **4,5%**-ға дейін жоғарылады.

### *Инфляция және базалық мөлшерлеме*

**Инфляция бойынша** аналитиктердің болжамы болжамдық кезеңде әртүрлі бағытта өзгерді: 2025 жылға – медиана 10,7%-дан **11%**-ға дейін өсті, 2026 жылға – 9,4%-дан **9%**-ға дейін төмендеді, 2027 жылға – 6,8%-дан **7%**-ға дейін өсті.

Респонденттер **базалық мөлшерлеме** 2025 жылдың соңына дейін қазіргі деңгейде **сақталады деп күтеді** – медиана 16,3%-дан **16,5%**-ға дейін өсті. 2026 жылға болжамдар 14,5%-дан **14%**-ға дейін, 2027 жылға – 12%-дан **11,8%**-ға дейін төмендеді.

### *Сауалнамаға қатысушылардың құрамы*

Сауалнамаға Қазақстанда макроэкономикалық көрсеткіштерді талдап, болжаумен айналысатын **16 ұйым** қатысты. Респонденттердің қатарына нарықтың кәсіби қатысушылары, зерттеу институттары, халықаралық ұйымдар мен рейтингтік агенттіктер кіреді. Макроэкономикалық сауалнамаға қатысушылар құрамы **Alatau City Bank Analytics** сарапшыларымен толықты.

Атап өтетін жайт, макроэкономикалық сауалнамада **Ұлттық Банктің болжамдары көрсетілмейді**. Ол – қазақстандық және әлемдік нарықтағы жағдайдың дамуына қатысты кәсіби нарық қатысушыларының тәуелсіз пікірі, бағалаулары мен күтулерінің жиынтығы ғана.

**БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:**

8 (7172) 77–52–10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)